

Абай Құнанбайұлы – қазақ тарихындағы ұлы тұлға. Ол қазақ халқының әдебиеті мен рухани дамуына өлшеусіз үлес қосқан. Ахмет Байтұрсынұлының Абайды «қазақтың бас ақыны» деп атауы бекер емес. Себебі Абай шығармалары арқылы халықтың ой-санасы жаңарып, білім мен адамгершілікке бет бұрды. Сондықтан Абайды дана әрі дара тұлға деп атаймыз.

Абайдың қай шығармасын алсақ та, ол өзінің құндылығын ешқашан жоғалтпағанын байқаймыз. Ақын өлеңдерінде қоғамдағы өзекті мәселелер, адам мінезі, білім, еңбек, надандық пен әділетсіздік кеңінен қозғалады. Жалпы, даналық дегеніміз – өмірді терең түсініп, ақыл-оймен дұрыс шешім қабылдай білу. Ал даралық – адамның өзгелерден ерекшеленетін қасиеті. Бұл екі ұғым Абай тұлғасына толық сай келеді.

Абай өз ойын өмірлік тәжірибе мен терең ақылдың үйлесімі арқылы жеткізеді. Ол тек ақын ғана емес, ойшыл, ағартушы, халқының болашағын ойлаған кемеңгер тұлға болды. Менің ойымша, Абай сияқты адамдар – дара өкілдер. Себебі ол өз халқының қамын ойлап, қазақ қоғамының кемшіліктерін ашық айтып, түзелу жолын көрсете білді. Осы қасиетімен ол өзгелерден ерекшеленді.

Абайдың қай өлеңін оқысаң да, ол адамды ойлануға, өзін-өзі саралауға жетелейді. Ақын қалдырған рухани мұраның келешек ұрпаққа берер пайдасы зор. Оның ой-тұжырымдары біз үшін әрдайым рухани азық болып қала береді. Жазушы Сәбит Мұқановтың «Абайдың өлеңдері – халықтың айнасы. Онда қазақтың жүрегі мен жаны жатыр» деп айтуы да осының дәлелі.